

Әдістемелік кеңес отырысы
Хаттама №1

Уақыты: 29.08.2024ж

Тақырыбы: Педагогикалық қызмет барысында тәрбиеленушілерге жүйелі оқыту мен тәрбиелеу үдерісін реттеу.

Жүргізілу түрі: Дөңгелек үстел

Әдістемелік кеңес төрайымы: А.Мақұлбекова

Хатшы: А.Әбжаппарова

Қатысқаны - 8

Қатыспағаны - 0

Күн тәртібінде :

- Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары;
- Перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;
- Өзіндік білім көтеру тақырыптар мен жоспарын талқылау;
- Мерекелік шараларды ұйымдастыру;
- «Әжелер», «Аналар» мектебін ұйымдастырудың маңыздылығы;
- Коммуникацияның алғашқы дағдылары бойынша балалардың тілін дамытудың маңыздылығы;
- Балаларға экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру жұмыстарын ұйымдастыру;
- Әдістемелік көмек беру жұмыс жоспарын талқылап, бекіту.
- Кіші топ балаларының бейімделуі
- Бақшада өтетін мерекелік шараларды ұйымдастыру, өткізу.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мекеме әдіскері жаңа оқу жылына педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау құжаттарын талапқа сай толтыруларын айтып өтті. Педагогтардың құжатты таза, ұқыпты әрі таза етіп толтыруды және тиімді жүйесін қалыптастыру мен дамытуды жүзеге асырып отыруды айтты.

Перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг.

Перспективалық жоспарда ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша тәрбиешілер оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет жасайды. Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттер айқындалады. Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде балабақша кестесіне сәйкес толтырылып, іске асырылып отырады.

Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құылады. Тәрбиеші міндеті өзінің түсіндіруіне көп уақыт бөлмей, балаларды шаршатпай, жалықтырмай, түсіндіруді балалардың өз бетінше ойлау, сұрақтарға жауап табуына, қолмен жасап, зерттеп, шешімін шығаруына мүмкіндік беру. Ол үшін балалардың қызығушылығын ескере отырып, ойын түрінде түрлі балалар әрекеттерін (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) ұйымдастыру.

Сондай-ақ, ұйымдастырылған іс-әрекеттерді, түрлі балалар әрекеттерін тек топ бөлмесінде үстел үстінде ғана емес, серуенде, ойын алаңында және т.б балалар үшін жайлы жағдайларда күннің бірінші және екінші жартысында өткізуге болады.

Рухани - адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу;

Жауапкершілік пен патриотизмді дамыту;

Парасаттылықпен адалдықты қалыптастыру;

Тәрбиеленушінің үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау;

Бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейінде тәрбиеленушілердің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттерді қалыптастыру және дамыту күтіледі.

Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір-біріне бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы»- ұлттық, адами құндылықтарға негізделген.

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ.

Өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау.

Оқыту мен тәрбиелеудің әдістерін жетілдіру мақсатында жалпы педагогикалық және ғылыми жетістіктерін, жалпы мәдени деңгейді көтеру. Өзінің педагогикалық шеберлігін арттыру үшін педагогтар түрлі курстарға қатысады, со сияқты өз білімін көтерумен шұғылданады. Басқаның көмегінсіз, өз бетімен дайындалу арқылы білімін арттыру, кәсіби-әдістемелік білім мен біліктілігін тереңдетуге және кеңейтуге, дайындық деңгейін көтеруге бағытталған. Тақырыпты 3 жыл мен 5 жылға аласыздар. Педагогтарға өз білімін көтеру бойынша тақырыптар таңдалып, алынған. Осы тақырып бойынша өз білімдерін жетілдіріп отыруды түсіндіріп өтті. Алған тақырыптың нәтижесіне жету көзделеді.

Мерекелік шараларды ұйымдастыру. Мерекелік шараларды балалардың көрініс көрсету, ән айту, би билеуі, тақырыптарды жатқа айтуы шығармашылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін қалыптастыратын басты фактор. Мерекелік шаралардың тақырыбы, мақсатын айқындап, сценарийін құру, өз пікірлерін білдіріп, қосып алу бойынша алдын-ала талқыланып, жұмыс жүргізілуді дағдыландыру. Топтардың ертеңгілікті жүргізілуі тәртібі кесте бойынша талқыланады. Сол бойынша жұмыс жасау. «Әжелер», «Аналар» мектебін ұйымдастыру маңыздылығы бойынша түрлі шаралар ұйымдастырып, өткізуді жандандыру мақсатында түрлі шаралар ұйымдастыру керегін топ тәрбиешілеріне айтып жеткізді.

Коммуникацияның алғашқы дағдыларын балалардың тілін дамытудың маңыздылығы. Бақшада балалардың ана тілінде сөйлеу дағдыларын дамыту, қалыптастыру үшін алдымен балаларға көркем шығармалардың маңызы зор. Балалар оқи алмасада зейін қойып тыңдай білді.

Баланың сөзді байланыстырып айта білуі дегеніміз- сөз бен сөйлемдердің үйлесімділігі ғана емес, бұл бір-бірімен байланыста келген, дұрыс сөйлемдерден құралған бала ойының сыртқы жаңғырығы. Бала сөйлеу барысында, ойлау білуге де үйренеді. Одан баланың ойлау логикасын, өзін қоршаған әлемді қаншалықты қабылдап, сыртқа жаңғырта білуін байқауға болады. Сонымен қатар ана тілінде анық, сауатты, байланыстырып, мәдени сөйлеуін қалыптастыруда ойынның маңызы зор. Ойын арқылы баланың ойы, тілі, дүние танымдық қабілеттері дамиды. «Ойын» ұғымына түсініктеме берсек-бұл адамның мінез-құлқының өзі басқарумен анықталатын қоғамдық тәжірибені қалыптастыруға арналған тәрбиелік әдіс-тәсілдердің бірі.

жағдаяттар негізінде іс-әрекеттің бір түрі. Ойын әрекеті мынадай қызметтерді атқарады: -коммуникативтік немесе қарым-қатынастық

Диагностикалық (ойын барысында төзін-өзі тану)

Коррекциялық (өзін-өзі түзету)

Әлеуметтендіру

Ойын-адамның өміртанымының алғашқы қадамы. Ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып өз білімін жетілдіреді. Коммуникация -бұл серіктестермен қарым-қатынас бойынша өзара ақпарат алмасу процесі, басқа адамдармен байланысу, қарым-қатынас орнату арқылы балалардың тілін дамытуда маңызы зор екен.

Балаларға экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру жұмыстарын ұйымдастыру.

Біздің бақшамыздың айналасы мен ауласы түрлі жемістер мен көкөністерге өте бай деп айтсақ артық емес. Осы өзіміздің күнделікті тірі табиғат пен өлі табиғат көріністерін күнделікті көріп, бақылап, еңбек пен үлкендердің жұмысын бағалап айтып отырсақ балалардың өзіне үлкен істі айтып үйретуімен бірдей. Табиғатпен таныстыру балалардың танымын дамытудың басты құралы. Табиғат балаға күнделікті әсер етеді. Табиғатты қорғау-экологиялық тәрбие мен білім беру жұмыстары арқылы жүргізіледі. Балалар үшін табиғат-бұл әр түрлі табиғи құбылыстарды танудың және сөздік қорын байыту көзі. Күнделікті серуен мен саяхат, еңбек, ойын арқылы балалардың дүние танымын дамыту жұмыстарын жүйелі жүргізілсе өте керемет болады- деп аяқтады.

Әдістемелік көмек беру жас мамандармен жүргізілетін жұмыс жоспары бойынша кеңес берілді. Әдістемелік жоспары талқыланып, бекітілді. Әдіскер тәрбиешілерге көмек беру арқылы түсіндіру арқылы жеткізді.

Кіші топ балаларының бақшаға бейімделуі бойынша баяндаманы А.Әбжаппарова жасады.

Мерекелік ертеңгіліктер бақшада жүргізілетін тәрбие мен білім беру процесінің маңызды құрамдас бөлігі. Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына белсенді түрде әсер етеді. Өз білік дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік береді. Бақшадағы мереке-бұл ең алдымен барлық ұжымның үлкен атқарған жұмысы. Мерекені дайындау мен өткізуге жауапкершілік барлық ұжым мүшелеріне артылады.

Қаулы етеді:

Педагогикалық үдерісті жана оқу жылына дайындау, педагогтарды талапқа сай толтырылсын.

Перспективалық жоспар, циклограмма және өзіндік білім көтеру тақырыптары бекітілсін. Мерекелік шаралардың жоспар бекітілсін.


«Әжелер», «Аналар» мектебін ұйымдастыру жұмыстары жүйелі жүргізілсін.


Коммуникация дағдылары мен экологиялық мәдениет бойынша жұмыстарды жүйелі жүргізуді тәрбиешілерге тапсырылды.

Әдістемелік көмек беру жас маман жоспары талқыланып бекітілсін.

Кіші топ балаларының бақшаға бейімделуі бойынша ата-аналармен бірлескен жұмыстар жүргізілсін.

Бақшада өтетін мерекелік шараларды талапқа сай өтуі үнемі қадағалансын.

Әдістемелік кеңес төрайымы  А.Мақұлбекова

Хатшы  А.Әбжаппарова

Әдістемелік кеңес отырысы

Хаттама №2

Уақыты: 24.11.2023 ж

Тақырыбы: Білім беру процесін жоспарлау барысында әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану

Жүргізілу түрі: нұсқаулық-әдістемелік кеңес

Әдістемелік кеңес төрайымы: А.Мақұлбекова

Хатшы: А.Әбжаппарова

Қатысқаны - 8

Қатыспағаны - 0

Себептісі – 0

Күн тәртібінде:

1. №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалу
2. Балабақшада өтетін байқаулар туралы ережелерді қатыстыру

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша әдіскер А.Мақұлбекова №1 әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалу барысына тоқталды. «Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы МКҚК -ның жылдық жоспары және оқу жоспарлары, күн тәртібін, үй кестесін бекітіліп топ тәрбиешілер мен мамандарының тиісті жұмыс жасап жатқандарын айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша бақшада өтетін байқаулардың ережелерді қатыстыру «Үздік топ» атты байқаудың жоспарда бар екенін тәрбиешілерге биылғы оқу жылында өтілетінін айтып, ережелерімен таныстырып өтті.


Заттық-кеңістіктік дамытушы орта -балаға заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар ортаның болуы.


Байқаулардың өтілу мерзімдері жоспар бойынша ұйымдастырылып, бекітіліп мерзімінен 1 ай бұрын ережесі педагогтарға берілсін.

Байқауға толық және сапалы қатысуды түсіндіріп өтті. Байқаудың ережесіне сай болуды айтты.

Қаулы етеді:

1. «Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы МКҚК-ның әдіскері Мақұлбекова №1 әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Бақшада өтетін байқаулардың ережелерін талқылап, мерзімін қойып, уақытында өткізуді міндеттеймін.

Әдістемелік кеңес төрайымы  А.Мақұлбекова

Хатшы  А.Әбжаппарова

Әдістемелік кеңес отырысы

Хаттама №3

Уақыты: 20.01.2024 ж

Тақырыбы: Педагогикалық талдау.

Жүргізілу түрі: әдістемелік

Әдістемелік кеңес төрайымы: А.Мақұлбекова

Хатшы: А.Әбжаппарова

Қатысқаны - 8

Қатыспағаны - 0

Себептісі – 0

Күн тәртібінде:

1. №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы
2. Педагогикалық талдау. Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу нәтижелерін бақылау
3. Педагог қызметкерлерді аттестаттауға дайындау жұмысының деңгейі

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша әдіскер А.Мақұлбекова №2 әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалу барысына тоқталды. Қаралған мәселелер бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп, іске асырылып отырғанын айтты.

Екінші мәселе бойынша Педагогикалық талдау: Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу нәтижелерін бақылау

Педагогикалық талдау — бұл педагогикалық процестің нәтижелерін бағалау, бала дамуының әртүрлі аспектілерін зерттеу және оқыту әдістерінің тиімділігін тексеру үшін жүргізілетін жүйелі зерттеу. Педагогикалық талдау балалардың жеке даму динамикасын, олардың алған білімдеріне, дағдыларына және қабілеттеріне қатысты нәтижелерді бақылауды қамтиды.

Мониторинг жүргізу – бұл балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау мен бағалау жүйесі. Мониторинг балалардың оқу процесіндегі жетістіктерін, қиындықтарын, даму деңгейлерін және қызығушылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл ақпарат педагогқа балалардың оқу іс-әрекетін жетілдіру үшін қажетті түзетулер енгізуге, көмектеседі.

Мониторингтің негізгі мақсаты — балалардың оқу және даму процесіндегі жетістіктерін жүйелі түрде бақылап, ұйымдастырылған іс-әрекет сапасын арттыру үшін қажетті ақпаратты жинақтау.

Мониторингтің мақсаты келесідей болуы мүмкін:

- Балалардың даму деңгейін нақты анықтау.
- Оқу нәтижелерін уақытылы тексеру.
- Балалардың біліктері мен дағдыларындағы өзгерістерді бақылау.
- Педагогикалық әдіс-тәсілдердің тиімділігін бағалау.
- Балалардың эмоционалдық және әлеуметтік дамуын қадағалау.
- Динамикалық мониторинг: Балалардың даму деңгейі уақыт өте келе қалай өзгередінін бақылау. Балалардың білімдеріне, дағдыларына, қиялдарына, тіл байлығына және шығармашылық қабілеттеріне қатысты өзгерістерді анықтайды.

Жеке мониторинг: Әр баланың жеке дамуын бақылау, оның күшті жақтары мен әлсіз тұстарын анықтау. Баланың жеке қажеттіліктері мен қызығушылықтарына назар аудару.

- Қорытынды мониторинг: Белгілі бір оқу кезеңінің соңында балалардың жетістіктерін бағалау. Бұл кезеңде балалардың оқу нәтижелері мен даму деңгейі қорытындыланады.

Педагогикалық талдау және мониторинг жүргізу балалардың даму динамикасын бақылап, олардың білімдері мен дағдыларын жақсартуға бағытталған маңызды құрал болып табылады. Бұл әдіс педагогтарға балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін тиімді ұйымдастыруға және балалардың дұрыс дамуына ықпал етуге мүмкіндік береді. Мониторинг нәтижелері педагогқа оқу процесін түзетуге, әдіс-тәсілдерді жаңартуға және балалардың потенциалын толық ашуға бағытталған нақты шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

Үшінші мәселе бойынша педагог қызметкерлерді аттестаттау — бұл педагогтың кәсіби қызметінің сапасын бағалау және оның кәсіби деңгейін арттыру мақсатында жүргізілетін процесс. Педагог қызметкерлердің аттестаттаудан өтуі олардың кәсіби білімін, дағдыларын, тәжірибелерін және оқыту әдістемелерін жетілдірудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Аттестаттау педагогтың жұмысын объективті бағалауға, кәсіби шеберлігін арттыруға және оның қызметінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Аттестаттауға дайындау жұмысының деңгейі — педагогтың аттестаттауға дайындық жұмысының сапасы мен нәтижелілігін бағалау жүйесі. Бұл деңгей педагогтың өзін-өзі бағалауы, кәсіби дамуы, жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеруі, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жетілдіруі, сондай-ақ педагогикалық қызметті жақсартуға бағытталған жұмыстарының сапасын сипаттайды.

Педагогтың кәсіби даму деңгейін анықтау: Аттестаттау — педагогтың білімін, дағдыларын, жұмыс нәтижелерін объективті бағалауға мүмкіндік береді.


- Жаңа білімдер мен дағдыларды меңгеру: Педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыруға, жаңаша әдіс-тәсілдер мен инновациялық технологияларды қолдануға бағытталған жұмыстар жүргізу.


- Өзін-өзі бағалау және кәсіби дамуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру: Педагогтың өзін-өзі талдау мен өз қызметін жақсарту үшін қажетті жоспарлар мен шараларды жүзеге асыру.

- Жұмыс нәтижелерін құжаттау: Педагогтардың жұмысындағы жетістіктерді, балалармен жүргізілген жұмыстардың нәтижелерін жинақтау.

Қаулы етеді:

1. Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу нәтижелерін бақылау бойынша дұрыс толтыруды тәрбиешілерге міндеттеймін.
2. Педагог қызметкерлерді аттестаттауға дайындау жұмысының деңгейін анықтауды құжаттары мен жетістіктерінің нәтижесін саралауды әдіскер А.Мақұлбековаға жүктелсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы  А.Мақұлбекова

Хатшы  А.Әбжаппарова